

## Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 31 тамыздағы N 1208 қаулысына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1996 жылғы 22 ақпан N 232. Күші жойылды - ҚРҰ-нің 1999.01.07. N 10 қаулысымен. ~P990010

"Қазақстан Республикасындағы банктер мен банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығын жүзеге асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 31 тамыздағы N 2445 K952445\_ қаулысын орындау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Экспорт-импорт банкінің мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 31 тамыздағы N 1208 P951208\_ қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы мемлекеттік Экспорт-импорт банкінің Жарғысына мынадай өзгертулер мен толықтырулар енгізілсін:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"Банк "Қазақстан Республикасының мемлекеттік Экспорт-импорт банкін құру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1994 жылғы 16 шілдедегі N 1815 U941815\_ Жарлығының негізінде құрылған екінші деңгейдегі мемлекеттік банк болып табылады және Қазақстан Республикасының біртұтас банк жүйесіне кіреді . Қазақстан Республикасының Үкіметі оның жарғы қорының иесі болып табылады. Банктің құрылуы туралы хабарлама Баспасөзде жарияланады";

5-тармақ мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Мемлекет оның Жарғы қорына салынған қаржы шегінде Банктің міндеттемелері бойынша жауап береді. Үкімет жеке шешіммен өзіне қабылдап, Банкке оның міндеттемелер бойынша қосымша жауапкершілікті жүктей алады".

9-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Банк Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрылымдық саясатын ескеріп, жобаларды іріктеп және оларды қаржыландыру туралы шешімдерді дербес қабылдайды";

10-тармақта:

"операциялары" сөзінен кейінгі бірінші абзац "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің лицензиясы болған жағдайда" сөздерімен толықтырылсын. екінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"ломбард операциялары: тез сатылатын құнды қағаздар мен жылжымайтын

мүліктердің депозиттелетін қардарлығына қысқа мерзімді кредиттер беру;

- бесінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"құймалардағы гранулалардағы, ұнтақтардағы, тұздамалардағы қымбат металдарды /алтын, күміс, платина тобының металдары/, қымбат металдардың монеталарын, сондай-ақ құрамында қымбат металдар мен асыл тастар бар зергерлік бұйымдарды сатып алу, қордарлыққа, есепке, сақтауға қабылдау және сату";

алтыншы абзац мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының олармен операциялар жүргізу құқығына лицензиясы және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің келісімі болған жағдайда Банк Бағалы қағаздармен делдалдық операциялар жүргізуге құқылы";

он екінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"шетелдік валютамен айырбас операцияларын ұйымдастыру, соның ішінде ішкі және шетелдік банкаралық рыноктарда өз атынан, сондай-ақ клиенттердің тапсырмасымен және есебінен және қолма-қол және аударма шетел валютасын сату-сатып алу";

14-тармақтың екінші абзацында "Үкіметтің жарғы қорындағы үлесі 50 проценттен кем болмайды" сөздері алынып тасталсын;

15-тармақтың үшінші абзацында "Үкімет кепілдік береді" сөздері "Үкімет кепілдік беруі мүмкін" сөздерімен ауыстырылсын;

18-тармақ "Банктің Басқармасы қорлардың міндетін, оларды пайдаланудың принциптері мен мақсаттарын айқындайды" сөздерімен толықтырылсын.

27-тармақта "бөлімше", "бөлімшелер" сөздері алынып тасталсын.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі